



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2017 жылғы 31 мамыр

«ҚҰБ «Online» мобильді қосымшасында жаңа «Алтын құймалар» бөлімі ашылды



Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің «ҚҰБ «Online» мобильді қосымшасында 2017 жылғы 31 мамырдан бастап жаңа «Алтын құймалар» бөлімі іске қосылды, онда әрбір пайдаланушы тазартылған алтынның өлшеуіш құймаларын сатып алуға қатысты оны қызықтыратын мәселеге жауапты шұғыл тәртіппен ала алады.

Алтын құймаларды Қазақстан теңге сарайы дайындады және 10, 20, 50 және 100 грамм болып төрт түрде ұсынылды. Алтын құймалар екінші деңгейдегі банктер арқылы Халыққа арналған тазартылған алтын құймаларды сату мен сатып алу бағдарламасының шеңберінде сатылатын болады. Әрбір құйма қорғаныш элементтерімен (құймалардың тегіс беті, микромәтін және бедерлі қыр) және құймаларды механикалық бүлінуден қорғайтын және ораудың ашылған-ашылмағанын оңай тексеруге мүмкіндік беретін арнайы ораумен шығарылады. Алтын құймалардың артықшылығы олардың өтімділігінде, яғни құймаларды кез келген уақытта екінші деңгейдегі банктерге сатып, ақша алуға болады.

Қазіргі уақытта алтын құймаларды Қазақстанның Халық Банкінен және Еуразиялық банктен сатып алуға болады. Келешекте Бағдарламаға қатысушы банктердің саны ұлғаяды.

Бастапқы кезеңде алтын құймалар Қазақстанның – Астана, Алматы, Өскемен және Атырау сияқты 4 қаласында қолжетімді болады. Уақыт өте келе алтын құймаларды сату географиясы да ұлғаяды.

Ұлттық Банктің қызметі мәселелері бойынша халықпен өзара шұғыл іс-қимыл жасауға және қаржылық қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауға арналған «ҚҰБ «Online» қызметі 2016 жылғы қарашада іске қосылғанын естеріңізге саламыз. «ҚҰБ Online» Whatsapp, Viber немесе Telegram сияқты танымал қызметтер сияқты заманауи

мессенджерді білдіреді, оның көмегімен пайдаланушы Ұлттық Банкке өзінің сұрақтары мен ұсыныстарын тікелей білдіре алады.

«ҚҰБ «Online» мобильді қосымшасы мемлекеттік тілде және орыс тілінде App Store және Play Market дүкендерінен көшіріп алу үшін қолжетімді.

Толығырақ ақпаратты мына телефон арқылы алуға болады:

+7 (727) 270 45 85

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz